

## Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарды куәландыруды өткізу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 514 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 18 -02/691 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 17-5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарды куәландыруды өткізу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	24 сәуірдегі
№ 514	қаулысымен
бекітілген	

## Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарға куәландыруды өткізу қағидалары

1. Осы Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарға куәландыруды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарға

куәландыру жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік орман иеленушілер (бұдан әрі – орман иеленушілер) сүрек дайындау жұмыстары аяқталғаннан кейін кеспеағаштарды игерудің толықтығы мен дұрыстығын анықтау, сондай-ақ толық кесілмей қалып қойған ағаштарды, тасып әкетілмеген сүректі және сүрек дайындауды жүзеге асыру кезінде жерге құламай қисайып қалған ағаштарды анықтау мақсатында мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарға куәландыру жүргізіледі.

3. Куәландыруға рұқсат беру құжаттарында (ағаш кесу билеттерінде) көрсетілген дайындау мен тасып әкету мерзімі аяқталған ағаш кесілген барлық о р ы н д а р ж а т а д ы .

Сүрек дайындау мен тасып әкетуді кейінге қалдыру мерзімі берілген жағдайда осы кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін қайталама куәландыру жү р г і з і л е д і .

4. Сүректі босату кезінде оны тасып әкету басталғанға дейін орман пайдаланушының өтінімдері бойынша рұқсат беру құжаттарында көрсетілген уақытша жинап қою орындарында дайындалған сүрек мөлшеріне куәландыру жү р г і з і л е д і .

Бұл ретте өрт бүлдірген екпелерде, сондай-ақ дауыл мен жел құлатқан ағаштарды жинап әкету кезінде ағаш кесу билетінде көрсетілген дайындалған сүректі жинап қою орнында оның мөлшеріне куәландыру жүргізіледі.

5. Ағаш кесілген орындарды куәландыру сүрек дайындау мен тасып әкетуге берілген ағаш кесу билетінің қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап, ал сүрек дайындау мен тасып әкету ағаш кесу билетінде көрсетілген мерзімнен ерте аяқталған жағдайда хабардар етілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жү р г і з і л е д і .

6. Ағаш кесілген орындарды куәландыру күні туралы орман иеленуші орман пайдаланушыны немесе оның өкілін мерзім белгіленгенге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

Орман пайдаланушы немесе оның өкілі белгіленген мерзімде келмеген жағдайда орман иеленуші куәландыруды оның қатысуынсыз жүргізеді. Бұл ретте жасалған куәландыру актісі орман пайдаланушыға күнтізбелік 10 күн ішінде ж і б е р і л е д і .

7. Орман пайдалану қағидаларының және кеспеағаштарды игеру технологиясы талаптарының сақталуын (өскіннің сақталуы, кеспеағаштарды тазарту) бақылау мақсатында куәландыру қарсыз кезеңде жүргізіледі. Жайсыз климат жағдайлары кезінде (қардың қалың түсуі, өзендердің тасуы, жолдың бұзылуы) куәландыру орман пайдаланушымен келісім бойынша орман иеленуші белгілейтін басқа уақытқа ауыстырылады.

8. Ағаш кесілген орындарға куәландыру жүргізу кезінде орман иеленушіде

ө з і м е н

б і р г е :

1) рұқсат беру құжаттары (ағаш кесу билеттері) немесе олардың көшірмелері және сүрек жинап қойылатын орындар көрсетіле отырып, куәландырылуға жататын әрбір кеспеағашқа (мөлдекке) арналған абристер;

2) өлшеу құралдары мен аспаптары (бұрыш өлшеу құралы, өлшеу лентасы, рулетка, өлшеу ашасы);

3) кеспеағаштарды бөлу және таксациялау материалдары (ағаштарды қайта есептеу ведомосы, кеспеағаштарды материалдық-ақшалай бағалау ведомосы, кеспеағаш қорын алдын ала беру актісі);

4) куәландыру актілерінің, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалардың, қайта есептеу ведомостарының, материалдық-ақшалай бағалаудың бланкілері болуы қажет.

9. Куәландыруға қатысушы орман пайдаланушыда өзімен бірге:

1) заңды тұлға үшін:

2) орман пайдаланушының өкіліне - сенімхат;

3) кәсіпорын басшысы мен бас бухгалтер қол қойған дайындалған сүрек (оның ішінде кәделік, отындық, өтімді шыбықтар мен бұтақшалар) мөлшері туралы анықтама;

4) белгіленген тәртіппен ресімделген технологиялық карта;

5) жеке тұлға үшін:

б) дара кәсіпкер қол қойған дайындалған сүрек (оның ішінде кәделік, отындық, өтімді шыбықтар мен бұтақшалар) мөлшері туралы анықтама;

7) белгіленген тәртіппен ресімделген технологиялық карта болуы қажет.

10. Ағаш кесілген орындарды куәландыру нәтижелері орман иеленушінің, орман пайдаланушының өкілдері және куәландыруға қатысушы барлық адамдар (орман күтуші, орман шебері, орманшы) қол қоятын актіге енгізіледі, ол бұзушылық анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының орман заңнамасы бұзылғаны үшін жауапкершілікке тартуға негіз болып табылады. Куәландыру актісіне куәландыру кезінде алынған деректерден басқа орман пайдаланушы анықтамасының деректері бойынша нақты дайындалған кәделік және отындық сүректің мөлшері туралы мәліметтер де енгізіледі.

Дайындалған сүрек мөлшері туралы анықтама, қайта есептеу ведомостары, абристер куәландыру актісіне қоса тіркеледі.

11. Куәландыру нәтижелері бойынша жиынтық деректерді орман иеленуші статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық есептіліктің белгіленген нысаны бойынша ведомстволық бағыныстылығына қарай жоғары тұрған ұйымға ұсынады.

12. Орман пайдаланушыларға бөлінетін сүрек дайындау көлемін дұрыс орналастыру мақсатында орман иеленушілер әрбір жылдың 1 қаңтарындағы

жағдай бойынша барлық санаттағы ормандарда толық кесілмей қалған ағаштарды, кейінге қалдыру мерзімі берілген кесу аяқталмаған кеспеағаштарды және осының алдындағы жылдың кесу басталмаған кеспеағаштарын, ал 1 мамырға сондай-ақ берілген кейінге қалдыру мерзімін ескере отырып, дайындалған, бірақ мерзімінде тасып әкетілмеген сүрек мөлшерін анықтап, оны кезекті жылдың кеспеағаш қорына есептейді.

13. Куәландыру нәтижелерінің есебі әрбір кеспеағаш (мөлдек) бойынша жүргізіледі, ол туралы деректер ағаш кесу билетіне жеке жолмен енгізіледі.

Куәландыруға кеспеағаштармен аралас 50 метрлік жолақтар да жатады.

14. Ағаш кесілген орындарға куәландыру жүргізу кезінде кеспеағаштарды игерудің толықтығы мен дұрыстығы, кеспеағаштарды игеру тәсілдерінің технологиялық карта мен ағаш кесу қағидаларына сәйкестігі (кеспеағаштар мен сүрек сүйретіп шығаратын жолдардың ені, тиеу алаңдарын, қоймаларды және басқа да қосымша объектілерді орналастыру, орман шаруашылығын жүргізу талаптарын сақтау) анықталады.

Куәландыру кезінде әрбір кеспеағаш бойынша:

1) кеспеағаш шекарасының және онымен араласып жатқан 50 метрлік жолақтың жай-күйі, сондай-ақ шекаралық, орамдық, кеспеағаштық және басқа да бағандардың сақталуы;

2) дайындалған сүректің мөлшері;

3) тасып әкетілмеген сүректің бар-жоғы;

4) тыйым салған уақытта дайындалған және бұтақталған сүректің мөлшері;

5) қабығы аршылмаған немесе басқа тәсілдермен қорғалмаған сүректің бар-жоғы;

6) толық кесілмей қалған ағаштардың бар-жоғы;

7) тұқымдықтардың, тұқымдық шоқ ағаштардың және жолақтардың, сондай-ақ кесуге жатпайтын ағаштардың сақталуы;

8) жерге құламай, қисайып қалған ағаштардың бар-жоғы;

9) өскіндердің, жас екпелердің және орман дақылдарының сақталуы;

10) кеспеағаштарды тазарту сапасы;

11) ормандарды қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу қажеттігі және оларды орындау мерзімдері анықталады.

Орманды күтіп-баптау мақсатында кесу жүргізілген екпелерді куәландыру кезінде оларды жүргізу сапасына ағаш өсіру бағасы (ағаштарды кесуге тағайындаудың уақтылығы, қарқындылығы, негіздемесі) беріледі, бұл туралы куәландыру актісіне белгі қойылады.

Куәландыру кезінде ағаш тасылатын жолдардың (магистральдардың, жол тармақтарының, жол бөліктерінің) бойында тастап кетілген сүректің бар-жоғы да анықталады.

15. Куәландыру үдерісінде бұзушылықтар анықталған жағдайда орман пайдаланушыға белгіленген тәртіппен орман шаруашылығына келтірілген нұқсанды өтеу жөнінде санкциялар қолданылады.

16. Орман пайдаланушылармен түпкілікті есеп айырысу үшін:

1) ағаш кесу билеттері;

2) нақты дайындалған сүректің мөлшерін растайтын ағаш кесілген орындарды куәландыру актілері, дайындалған сүректің мөлшері туралы анықтамалар негіз болып табылады.